14.2. Барлық субконтрактілерді жасау кезінде Мердігер Мемлекеттегі қызмет көрсетулерге, онда шығарылған жабдықтар, материалдар және дайын өнімдерге, егер олар экологиялық және техникалық қасиеттері, бағалары, жұмыс параметрлері мен беріп тұру шарттары жағынан бәсекеге қабілетті болса, оларға басымдық беруге міндетті.

14.3. Мердігер субмердігерлерді жұмысқа конкурстық негізде алады.

14.4. Субмердігерлік контрактілердің орындалуына Мердігер Мемлекет заңдарына сәйкес жауап береді.

## 15-бөлім. Қаржыландыру

15.1. Мердігер Контракті бойынша өз қызметін толық

қаржыландыруды Тараптармен келісілген Жұмыс бағдарламасына сәйкес өз жауапкершілігіне алады.

15.2. Мердігер егер Мемлекет заңдарына қайшы келмесе, өз қызметін қаржыландыру үшін Мемлекет ішінде және одан тысқары жерлерде несиені кез келген валютада еркін ала алады.

15.3. Мердігер Контракт бойынша түсімдер мен кірістер түріндегі ақша қаражатын алу үшін Мемлекеттің немесе одан тысқары жерлердегі банктерде ұлттық және шетел валютасында есепшоттар аша алады.

15.4. Контрактіге сәйкес есеп айырысудың барлық түрі Мемлекет заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

15.5. Мердігер мен субмердігерлер валюталық операцияларды валюта реттеу туралы Мемлекет заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

## 16-бөлім. Салықтар мен төлемдер

16.1. Мердігер Контракт негізінде жүзеге асыратын қызметі бойынша салық заңдары мен Контрактіде белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндеттенеді.

16.2. Мердігер мынадай салықтар мен төлемдерді төлеуге міндеттеме алады:

16.2.1. Заңды ұйымдардан салынатын табыс салығы, Мердігер төлем кезінен ұсталатын табыс салығының бюджетке толық түсуі үшін жауапкершілікте болады.

16.2.2. Қосымша құнға салынатын салық.

16.2.3. Акциздер.

16.2.4. Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық.

16.2.5. Жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын арнайы салықтар мен төлемдер:

а) Жазылу бонусы ____________________________________________

б) Коммерциялық ашу бонусы __________________________________

в) Кен өндіру бонусы ________________________________________

г) Роялти __________________________________________________

д) Артық пайда салығы _______________________________________

16.2.6. Жер салығы.

16.2.7. Көлік құралдарына салынатын салық.

16.2.8. Заңды ұйымдардың мүлкіне салынатын салық.

16.2.9. Аукцион саудасынан алынатын алым.

16.2.10. Заңдық ұйымдарды тіркеу үшін алым.

16.2.11. Қызметтің жекеленген түрлерімен айналысу құқы үшін алым.

16.2.12. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Кеден төлемдері.

16.2.13. Су ақысы.

16.2.14. Орманды пайдалану ақысы (орманнан түсетін табыс).

16.2.15. Табиғатты қорғау Қорына түсетін төлемдер.

16.2.16. "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар N 2701 Жарлығына сәйкес Жол қорына түсетін төлемдер.

16.2.17. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу қорына түсетін төлемдер.

16.2.18. Мемлекет заңдарына сәйкес Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті медициналық сақтандыру қорына және Зейнетақы қорына түсетін төлемдер.

16.3. Қызметкерлер құрамына салық салу, Мердігердің қызметкерлері міндеттемелер пайда болған сәттегі Салық заңдарына сәйкес салық төлейді. Мердігер жеке тұлғаларға салынатын төлем көзінен ұсталатын салықтардың толығымен ұсталып, бюджетке аударылуына жауап береді.

16.4. Субмердігерлерге салық салу. Мердігер өзіне қызмет көрсететін Субмердігерлерге, олардың және өз қызметкерлерінің салық міндеттемелері пайда болған сәтте салық заңдарына сәйкес салық төлеуге міндетті екені туралы хабарлауға тиіс және ол төлем көзінен ұсталатын салық сомаларының толық ұсталуы мен уақтылы аударылуы үшін жауап береді.

16.5. Құқықтарын бере тұру салығы. Құқықтарын бере тұрудан түскен табысқа бере тұру сәтіне қолданылып жүрген Салық заңдарына сәйкес салық салынады.

16.6. Трансферттік баға құру. Мердігер өзінің коммерциялық және қаржы операцияларында тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдан өзге басқа бағаны қолданса, ол бұл туралы мойындайды және келісуші жақтардың бірі салық жеңілдігін пайдаланатын Мемлекет резиденті емес немесе ұйым болса, оның салық қызметі салық салу мақсатымен Мердігердің табысын пайда болған

бағаның айырмасына түзей алады. Мұндай операцияларды жүргізу кезінде салық қызметі бұл операциялардың шын мәнін және тағылатын айыпты анықтау мақсатымен оларға баға бере алады.

16.7. Жалпы салықтық жауапкершілік Контрактінің шарттары бойынша төлейтін салықтар мен төлемдер төлеу міндетінен Мердігерді Контрактіде қаралмаған міндеттемелерді, салық міндеттемелері туындаған күнге Мемлекет заңдарында белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуден босатпайды.

16.8. Салықтық шекара. Үкіметтен немесе Құзыретті органмен жасаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметтерін біреуден көп Контракт бойынша жүзеге асырған жағдайда, Мердігер кез келген салықтар мен төлемдерді айқындау мақсаттары үшін кірістері мен шығындарды біріктіре алмайды.

16.9. Салықтар мен төлемдерді төлеу және есепке алу. Контрактіде белгіленген салықтар мен төлемдер Мемлекет заңдары мен Контрактіде қаралған тәртіп, мерзім және мөлшер бойынша төленеді. Барлық салықтар, төлемдер және баж салығы, егер Мемлекет заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттің ұлттық валютасымен төленеді. Салықтар мен төлемдер заңдарда белгіленген тәртіп бойынша Мемлекеттің салық органдары немесе қаржы қызметтері көрсеткен шоттарға аударылады.

16.10. Айып санкциялары мен өсімдері. Салық заңдарын бұзғаны үшін айып санкциялары мен өсімдері заң бұзушылық болған сәттегі қолданылып жүрген Мемлекет заңдарына сәйкес қолданылады.

16.11. Салық тәртібінің тұрақтылығы. Контрактіде белгіленген салық тәртібі Контракт мерзімі аяқталғанға дейін, осы тармақта көрсетілген жағдайлардан басқа, өзгеріссіз күшінде болады.

Контрактіге қол қойылған соң енгізілген Салық заңдарындағы кез келген өзгерістер, егер мәні бойынша Контрактіде белгіленген салықты өзгерту болып табылған және контрактіде қол қою күнімен салыстыру бойынша, салық төлеу деңгейін өзгертпеген жағдайлардан басқа, Мердігердің салық міндеттемелеріне, әсер етпеуі керек.

Осы Тармақтың мақсаты үшін заңдардағы өзгерістер деп Контрактіде айтылған, шарттар мен ережелерден басқа жаңа шарттар мен ережелер енгізу түсініледі және олар төмендегі бір немесе бірнеше әдістер арқылы енгізіледі:

- заң күші бар жаңа актілерді қабылдау;
- заң күші бар актілерге қандай да болмасын өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- әсері заң күші бар ішкі актілердің қолданылуын өзгертетін халықаралық келісімдердің күшіне енуі немесе осындай халықаралық келісімдер шарттарының өзгеруі;
- жаңа заң актілерін қабылдау немесе оларға өзгерістер енгізу.

Егер Контрактіге қол қойылған күннен кейін Салық Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе, халықаралық келісімдердің күшіне енуі мен жойылуы орын алса, Мердігер мен Құзыретті және салық органдарының өкілдері дереу кездесіп, уағдаластыққа қол жеткен жағдайда осындай өзгерістер мен толықтыруларды Контрактіге енгізуі тиіс, бұл Контрактіге қол қою сәтіндегі келісуші тараптардың экономикалық мүдделерін қалпына келтіру үшін қажет.

Осы тармақтың ережелері, осы Бөлімде көрсетілген салық салу

шарттарының күші салық міндеттемелерінің туындау сәтіне қолданылатын кейбір жағдайларды қоспағанда, салықтардың барлық түріне қолданылады.

16.12. Ақпараттың ашықтығы. Мердігер мемлекеттік салық қызметіне кез келген ақпаратқа жолы ашықтығын мойындайды, оның ішінде банк құпиясы болып табылатын Мердігердің Мемлекеттен тысқары жерлердегі шетелдік банктердегі есепшоттары кіреді.

## 17-бөлім. Бухгалтерлік есеп

17.1. Мердігер Мемлекеттік заңмен анықталған бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібіне сәйкес Контрактіні жүзеге асыруға байланысты барлық кіріс пен шығыстың толық және дәл бухгалтерлік есебін жүргізуге міндеттенеді.

17.2. Мердігердің барлық бухгалтерлік кітаптары мен есеп құжаттарын Құзыретті органдар мен мемлекеттік органдар Мемлекеттік заңмен анықталған құзырлықтарына сәйкес тексере алады.

## 18-бөлім. Сақтандыру

18.1. Мердігер Контракт күшіне енген күннен соң ____ күннің ішінде ______________________________________________________________

жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет

байланысты болатын қауіп-қатерді, мүліктерді және жауапкершілікті сақтандыру бағдарламасын дайындап, Құзыретті органның келісіміне беруі керек.

18.2. Сақтандыруда мынадай жағдайлармен байланысты болатын мүліктік және жауапкершілік қатерлерден сақтандыру көзделеді:

- жүктерді _____________________________________________________

жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет

жүргізу орнына тасу және қоймаға жинау кезінде болатын;

- Мердігердің мүліктерін ____________________________________

жер қойнауын пайдалану
___________________________ жүргізу кезінде пайдаланатын жалға немесе
Операциясының түрін көрсет
лизинг бойынша алған өзінің мүлкін қоса сақтандыру;

- қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиянның салдарын жоюға, оған қоса жерді суландыру және қалпына келтіру жұмыстарына кететін шығынды сақтандыру;
- Үшінші тұлғалардың алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

18.3. Мердігер өзінің қызметкерлерін әлеуметтік жағынан сақтандыруға міндетті.

18.4. Мердігер өзінің қарауына қарай Мемлекеттік заңдарға сәйкес сақтандыру компаниясын таңдап алады.

## 19-бөлім. Тарату және тарату қоры

19.1. Контракт күшінің мерзімі бітуге _____ күн қалғанда Мердігер Құзыретті органға өзінің қызметін тарату салдарының бағдарламасын, таратуға кететін шығындардың сметасымен қоса бекітуге тапсыруы керек.

19.2. Қызметті тоқтату және тарату Үкімет белгілеген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

19.3. Тарату бағдарламасында Мердігердің қызмет ісі кезінде Контракт аумағында пайдаланған ғимараттар мен жабдықтардың жойылуы немесе таратылуы, көзделу керек.

19.4. Тарату бағдарламасын орындауды толық қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Мердігер _____________ мөлшерінде тарату қорын құрады. Тарату қорын басқаруды ____________________________________
Мердігер немесе Құзыретті
________________________________ жүзеге асырады.
орган (Контрактіде анықталады)

19.5. Тарату қорына __________ мөлшерінде қаржы бөлуді Мердігер
__________________________ жүзеге асырады және ол _________________
мерзімділігін анықта жер қойнауын
____________________________________________ шығындарының ішіне
пайдалану Операциясының түрін көрсет
кіреді.

19.6. Егер іс жүзінде тарату жұмыстарына жұмсалатын шығындар тарату қорының мөлшерінен асып түссе, онда Мердігер тарату жұмыстарын қосымша қаржыландырады.

19.7. Егер іс жүзінде тарату жұмыстарына жұмсалатын шығындар тарату қорының мөлшерінен кем болып шықса, онда ақшалай қаржының артығы Мердігерге беріледі және салық салынатын табыстың ішіне кіргізіледі.

19.8. Егер Мемлекет Контракт күшінің мерзімі біткен соң, мердігердің оған берген ғимараттардың барлығын немесе бір бөлігін өз жауапкершілігіне алып, пайдалануды жалғастыру туралы шешім қабылдаса, онда Мердігер тарату бағдарламасы бойынша ешқандай жауапкершілік алмайды және тарату қорында жинақталған барлық активтерге қатысты барлық құқықтарды Мемлекеттің қарауына береді.

## 20-бөлім. Жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны қорғау

20.1. Контрактіні орындау кезінде Мердігер жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау туралы Мемлекет заңдарын бұзбауға міндетті және мынадай мақсаттармен барлық қажетті шараларды қолдану керек:

- тұрғындардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- пайдалы қазбаларды ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;
- табиғи ландшафты сақтау және бүлінген жерлерді, басқа да геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіру;
- жер сілкіністерінің, көшкіндердің, су басулардың, топырақтың шөгуінің алдын алу мақсатында Жер қойнауының жоғарғы бөліктерінің энергетикалық күйінің қасиеттерін сақтау.

20.2. ____________________________________________________________
Жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет
жүргізу кезінде Мердігер ең алдымен келесі талаптарды орындауға міндетті:

I. Экологиялық талаптар:

- қоршаған табиғи ортаны сақтау;
- жердің техногендік құлазуына жол бермеу;
- топырақтың су және жел эрозиясына ұшырауына жол бермеу;
- тартылатын және тұщы сулы жерлерді олардың ластанбаулары үшін оқшаулау;

- жер асты суларының сарқылуының және ластануының алдын алу;

- және жер қойнауын пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңдарға сәйкес келетін басқа да талаптар.

II. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар:

- Жер қойнауын пайдалануға берілген, оның ішінде Кен өндіруге байланысты емес мақсаттар үшін, Кен орындары мен Жер қойнауының учаскелерінде ___________________________________ қорларының мөлшері

Пайдалы қазбаның түрін көрсет

мен құрылымын анық бағалау үшін алдын ала жер қойнауына толық геологиялық зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

- ____________________________________________________________

жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет

барлық кезеңдердегі Жер қойнауы ресурстарын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;

- _______________________________ толық шығарылуын қамтамасыз

Пайдалы қазбаның түрін көрсет

ету;

- Жер қойнауынан шығарылған және Жер қойнауында қалған пайдалы қазбалар мен пайдалы қазбалардың қосымша құрам бөліктеріне, сонымен қатар, Кен орнын пайдалану кезіндегі минералды шикізаттарды ұқсату өнімдері мен өндіріс қалдықтарына анық есеп жүргізу;

- Жер қойнауын __________________________________________________

(Барлау, Шығару, сонымен қатар Кен шығаруға _________________

________________________________________________________

байланысы жоқ жер асты ғимараттарын салу және пайдалану) кезінде болатын қауіпті техногендік құбылыстардан сақтандыру үшін Жер қойнауын қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы мемлекет заңдарының талаптарына сәйкес пайдалану;

- Жер қойнауын, оның сапасын төмендететін немесе Кен орнын пайдалануды қиындататын, су басудан, өрттен, қопарылыстан, жоғарғы қабаттардың төмен құлауынан және басқа да апаттық факторлардан қорғау;

- ______________________________________________________________

Жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет

жүргізу кезінде Жер қойнауының ластануына жол бермеу;

- Контрактінің 29-бөлімінде белгіленген ________________________

жер қойнауын пайдалану

_________________________________ кідірту, тоқтату тәртібін және
Операциясының түрін көрсет
Контрактінің 19-бөлімінде белгіленген Кен орнын пайдалану объектілерін тарату тәртібін сақтау;

- Су алу алаңдары мен жер асты су қорлары орындарында жатып қалудың алдын алу мақсатында, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинағанда және орналастырғанда олардың экологиялық талаптарды орындау;

Мердігер _____________________________________________________
жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін
_______ объектілерді геологиялық, гидрогеологиялық және технологиялық
көрсет
зерделеудің толықтығын және нақтылығын қамтамасыз етеді.

20.3. Мердігер осы Контракт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметін бастамас бұрын жоспарланған қызметтің қоршаған табиғи ортаға әсерін бағалап, табиғатты пайдалануға мемлекеттік табиғат қорғау органдарынан табиғатты пайдалануға рұқсат алуы керек.

20.4. Мердігер осы Контракт бойынша жасайтын өзінің қызметінің нәтижесінде жер қойнауына және қоршаған табиғи ортаға тигізетін әсерін зерделеу мақсатында жер қойнауына және қоршаған табиғи ортаға мониторинг жүргізуі тиіс және өзінің қызметінің теріс ықпалын болдырмау жөнінде дер кезінде шаралар қабылдауға міндетті.

20.5. Мердігер қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиянының орнын толтырып, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуі керек және табиғатқа келтірілген нұқсанды толық көлемде өтеуге міндетті.

20.6. Жер қойнауы мен қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы

заңдардың орындалуына Мемлекеттік бақылауды мемлекеттік уәкілетті органдар арқылы жүзеге асырады.

20.7. Мердігер Контракт аумағындағы қоршаған табиғи ортаның жай-күйін сақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

20.8. Мемлекет заңдарына сәйкес Мердігер Контракт күші тоқтатылғаннан кейін немесе Контракт аумағын біртіндеп қайтарған жағдайда, Контракт аумағын одан әрі пайдаланылуы үшін жарамды жағдайда өткізеді.

20.9. Контрактіні қолдану кезінде қоршаған ортаның, сондай-ақ Контракт аумағының бүлінуі (нашарлауы), Мердігердің есебінен, сол жерді тікелей мақсаты бойынша пайдалануға болатындай күйге дейін

қалпына келтіріледі.

21-бөлім. Тұрғындар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі

21.1. Мердігер _____________________________________________
жер қойнауын пайдалану Операциясының
___________________________________________ жүргізу кезінде Контрактіге
түрін көрсет пайдалы қазбаның түрін көрсет
сәйкес Мемлекет заңдарына көзделген жұмыс жүргізудің қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің орындалуын қамтамасыз етуі керек, сонымен қатар апаттар мен кәсіби сырқаттардың алдын алу жұмыстарын жүргізуі керек.

21.2. Егер ол адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп туғызатын болса ___________________________________________________________
жер қойнауын игеру Операциясының түрін көрсет
жүргізуге тыйым салынады.

21.3. ___________________________________________________________

Жер қойнауын пайдалану жұмысының түрін көрсет жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасы және өндірістік тазалық ережелері мен нормаларын орындауға Мемлекеттік бақылауды мемлекеттік арнайы уәкілетті орган жүзеге асырады.

21.4. _____________________________________________________________
Жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі талаптар мыналар болып табылады:

- жұмыстарға арнайы дайындығы және біліктілігі бар, ал тау-кен жұмыстарын басқаруға арнайы білімі бар адамдарды жіберу;
- ________________________________________________________ жүргізу
жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсет кезінде онымен шұғылданатын адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік талаптары мен тазалық нормаларына сай келетін машиналарды, жабдықтар мен материалдарды пайдалану;
- жарылғыш заттарға және жару құралдарына, есеп жүргізу, дұрыс сақтау және жұмсау, сондай-ақ оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалану;
- жұмыстардың технологиялық тізбегін және қауіпті жағдаяттарды болжауды қамтамасыз етуге қажетті геологиялық, маркшейдерлік және басқа да бақылаулар

к е ш е н і н ж ү р г і з у ;

- техникалық құжаттамаларды және апаттарды жою жоспарларын

жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аумақтарының шекараларын анықтайтын мәліметтермен уақытында толықтырып отыру;

- Кен орындарын пайдаланудың жобалық жүйелерін (қатты пайдалы қазбалар үшін), Пайдаланудың жобалары мен технологиялық сызбаларын және Кен орындарын (мұнай, газ және жер асты сулары үшін) орнықтыруды сақтау.

21.5. Мердігердің жауапты қызметкерлері қызметкерлердің немесе тұрғындардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда жұмыстарды жедел тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге жеткізуге және Құзыретті органдар мен жергілікті атқару органдарына хабар беруге міндетті.

## 22-бөлім. Контрактінің шарттарын бұзғаны үшін келісуші тараптардың жауапкершілігі

22.1. Мердігердің Лицензия мен Контракт талаптарын бұзатын тікелей немесе жабық нысанда жасаған мәмілелері заңсыз болып табылады.

22.2. Мердігер Контрактінің 22.1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттердің салдарлары үшін Құзыретті органның және Үшінші тараптардың алдында толық жауапты болады.

22.3. Аталған келісімдерді жасауда, сонымен қатар жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың бұзылуына кінәлі адамдар, заңмен белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

## 23-бөлім. Форс-мажор

23.1. Контракт бойынша қандай да болмасын міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін келісуші тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды, егер бұл орындамаушылық немесе дұрыс орындамаушылық тежеусіз күшке (форс-мажор) байланысты болса.

23.2. Тежеусіз күштің жағдайына төтенше және ойламаған жерден болған жағдаяттар жатады, мысалы, әскери қақтығыстар, табиғат апаттары, табиғи зілзала (өрт, және т.б.). Келтірілген тізімде бәрі беріледі деуге болмайды.

23.3. Тежеусіз күш жағдаяттары пайда болған жағдайда, одан қасірет шегуші

тарап бұл туралы басқа тарапқа форс-мажорлық жағдаяттың басталу уақыты мен сипаттамасын анықтайтын жазбаша ескертпені қолдай тапсыру немесе поштамен жіберу арқылы шұғыл түрде хабарлайды.

23.4. Форс-мажор жағдаяттары пайда болған кезде Тараптар бұндай жағдайдан шығудың жолын табу үшін жедел түрде кеңес өткізеді және жағдаяттың зардаптарын біржола жою үшін барлық амалдарды қолданады.

23.5. Форс-мажорлық салдардан туындаған жағдаяттармен Контракт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтаған болса, бұл жұмыстардың жүргізілу кезеңі форс-мажор мерзіміне дейін созылады және форс-мажор тоқтатылған сәттен бастап жаңарады.

## 24-бөлім. Құпиялық

24.1. Контрактіні орындау кезінде қандай да болмасын Тараптың алған немесе сатып алған ақпараты құпия болып табылады, егер бұл келісуші Тараптардың жазбаша келісімінде ескерілген болса, Тараптар құпия ақпаратты Мемлекет заңдарында көзделген қажетте есеп беруді дайындағанда пайдалана алады.

24.2. Тараптар екінші Тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты мына жағдайлардан бөлек Үшінші тұлғаларға бере алмайды:

- егер бұл ақпарат сотта істі қарау барысында пайдаланылса;
- ақпарат Мердігерге қызмет көрсететін Үшінші Тарапқа Үшінші Тарап бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны Тараптардың белгілеп берген мақсаттарында және белгіленген мерзімінде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілсе;
- ақпарат Мердігер қаржы алатын банкке немесе басқа қаржы

бөлетін ұйымға, мұндай банк немесе қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек белгіленген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілсе.

24.3. Тараптар, Мемлекет заңдарына сәйкес, Контракт аумағында ____________________________________________________________ жүргізуге

жер қойнауын пайдалану Операциясының түрін көрсету

қатысты барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

## 25-бөлім. Құқықтар мен міндеттерді беру

25.1. Контрактідегі құқықтар мен міндеттерді Үшінші Тарапқа

(Мердігердің еншілес ұйымынан басқа) беруге Лицензиялық органның жазбаша рұқсаты арқылы ғана рұқсат етіледі.

25.2. Контрактідегі құқықтар мен міндеттерді беруге байланысты болатын шығындарды Мердігер көтереді және Мемлекет тарапынан орны толтырылмайды.

25.3. Мердігер Контрактіге қандай да болмасын қатысуын сақтаған уақыт соңына дейін, ол және оның құқықтар мен міндеттерін алған Үшінші тарап Контракт бойынша жауапкершілікті бірге көтереді.

## 26-бөлім. Қолданылатын құқық

26.1. Контрактіге және Контракт негізінде қол қойылған басқа да келісімдерге Мемлекет құқығы қолданылады (егер Мемлекет мүшесі болатын Халықаралық Келісімдерде өзге ешнәрсе белгіленбесе).

26.2. Мердігер Контракт аумағында және онымен көршілес учаскелерде Мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау саласындағы Халықаралық міндеттерін орындауға міндеттенеді.

## 27-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

27.1. Тараптар Контрактіден туатын барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қолданады.

27.2. Егер дау туындаған сәттен бастап _______ күннің ішінде даулы мәселе келіссөздер арқылы шешілмесе, онда Тараптар оны шешу үшін мына органдарға тапсырады:

- заңдарға сәйкес осындай дауларды қарауға уәкілетті мемлекеттің сот органдарына, немесе;
- мына арбитраж органдарын біреуіне __________________________

(тек шетелдік мердігерлер

______________________________________________________________

және біріккен кәсіпорындар үшін)

- 1995 жылы 18 мартта Вашингтонда инвестициялық реттеу конвенциясына ( ИКСИД конвенциясы) сәйкес құрылған инвестициялық дауларды реттеудің халықаралық орталығы (әрі қарай орталық), егер мердігердің мемлекеті осы конвенцияның мүшесі болса, немесе;
- орталықтың қосымша мекемесіне (қосымша орган тәртібімен

қызмет ететін), егер Мердігердің мемлекеті ИКСИД конвенциясының мүшесі болмаса, немесе;

- Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНСИТРАЛ) Халықаралық Сауда құқығы жөніндегі комиссиясының арбитраждық тәртіпке сай құрылған арбитраж органдарын, немесе;
- Стокгольмдегі Халықаралық Сауда палатасын Арбитраж институтының арбитраждық карауына, немесе;
- Мемлекеттің сауда-өнеркәсіптік палатасы жанындағы арбитраж комиссиясына ________________________________________________

жоғарыда көрсетілген органдардың бірін

________________________________________________

таңдап алу керек

## 28-бөлім. Контракт тұрақтылығының кепілдігі

28.1. Контракт ережелері контракт күшінің бүкіл мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады.

28.2. Контракт жасалған соң қабылданған заңдардағы Мердігердің жағдайын қиындататын өзгерістер мен толықтырулар контрактіге қолданылмайды.

28.3. 28.2.-тармақта көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар болған жағдайда, Тараптар осы контрактінің 16.11-тармағын басшылыққа алады.

## 29-бөлім. Контракт күшін тоқтату және кідірту шарттары

29.1. Құзыретті орган Контракт күшін міндетті түрде тоқтатады, егер:

- лицензияның қолданылуы кідіртілсе;
- Контрактіге байланысты жүргізілетін жұмыстардың әсер ету аумағында жұмыс істейтін немесе тұратын адамдардың өмірі немесе денсаулығына тікелей қауіп төнсе.

29.2. Құзыретті орган контракт күшін келесі жағдайларда кідірте алады:

- Мердігер Жұмыс бағдарламасында көзделмеген әрекеттерді жүзеге асырса;
- Мердігер өзінің қызметінде Мемлекеттің жер қойнауы, қоршаған табиғи

ортаны және қауіпсіз жұмыс жүргізу туралы заңдарын бұзса;

- мердігер өзінің қызметі кезінде Контрактіде белгіленген салық төлеу және басқа да міндетті төлемдерді төлеу тәртібін бұзса;

- мемлекет заңдарына сәйкес Мердігер банкрот деп жарияланса;

- тізім Тараптардың келісімдері бойынша толықтырылуы мүмкін.

29.3. Контракт үшін кідіртілген жағдайда Құзыретті орган жазбаша түрде Мердігерді бұндай кідіртудің себептері туралы жазбаша ескертеді және ол себептерді жоюға мерзім береді.

29.4. Мердігер Контракт күшін кідіртуге мәжбүр еткен себептерді жойғанын хабарлағаннан кейін Контракт қайта күшіне енеді.

29.5. Контракт өзінің күшін мерзімінен бұрын тек мынадай жағдайларға ғана жояды:

- Мердігер Контракт күшін кідірту туралы шешім қабылдауға мәжбүр еткен себептерді жоюға қарсы болса немесе бұл себептерді Құзыретті орган белгілеп берген мерзімде жоя алмаса;

- Лицензия күші мерзімінен бұрын тоқтатылса;

- жер қойнауы туралы Заңдарға сәйкес Контракт заңсыз болып танылса;

- Контрактіге қол қою және тіркеу кезінде Мемлекет заңдарының бұзылу фактісі сот арқылы анықталса;

- Контракт шарттарының Лицензия шарттарынан немесе конкурс шарттарынан елеулі түрде ауытқу фактісін сот арқылы анықтаған жағдайда;

- Мердігер өзінің Контракт бойынша құқықтарын толық немесе ішінара Үшінші тарапқа беру кезінде Контрактінің 25-бөлімін бұзатын болса;

- Мердігердің Құзыретті органға немесе басқа мемлекеттік органға Контракт аумағында ____________________________________________

жер қойнауын пайдаланудың түрін көрсет

жүргізуге байланысты жалған ақпарат беруге ниеттенген фактісі сот арқылы анықталған болса;

- Мердігер бұрын Контракт күшін кідіртуге апарып соққан әрекеттерді қайталаса;

- Мердігер Жұмыс бағдарламасы ауқымында өндірісті ______ күннен артық мерзімге, тежеусіз күш жағдаяттарына байланысты жағдайлардан басқа, тоқтатса (форс-мажор);

- осы Контракт бойынша ақпараттың құпиялығын сақтау туралы шарттар бұзылса.

29.6. Контракт өз күшін Контрактінің 29.5.-тармағында көрсетілген себептер бойынша Мердігер Құзыретті органнан Контракт күшін мерзімінен бұрын жою туралы жазбаша хабар алғаннан кейін

________ күннен соң тоқтатады.

29.7. Келісуші Тараптар Мердігерге Контракт күшін тоқтату туралы жазбаша ескерту беру сәтіне дейін атқарылмай қалған ағымдағы міндеттемелерін орындаудан босатылмайды.

## 30-бөлім. Контрактінің тілі

30.1. Осы Контрактінің мәтіні оған қоса тіркелген қосымшалар, қосымша құжаттар қазақ және орыс (басқа) тілдерінде жазылады және барлық даналары бірдей.

30.2. Нұсқалар арасында даулар мен айтыстар туындаған жағдайда _____________ нұсқасы артықшылыққа ие болады.

30.3. Келісуші Тараптар _______ тілдері қатынас тілдері ретінде пайдаланатыны жөнінде келіседі. Контракт күшіне енген күннен бастап __________________________________________________________ жүргізуге Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Операцияның түрін көрсет қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат _____ тілінде (тілдерінде) жүргізіледі.

30.4. Әкімшілік қызметке қатысты құжаттама мен ақпарат _____________________________________ тілдерінде жүргізіледі.

## 31-бөлім. Қосымша ережелер

31.1. Осы Контрактіні жүзеге асыруға байланысты талап етілетін барлық жазбаша ескертпелер мен құжаттар осы Контракт бойынша Тараптардың әрқайсысына тиісті дәрежеде ұсынылған және жеткізілген деп, оларды алу фактісі бойынша есептеледі.

31.2. Жазбаша ескертпелер мен құжаттар қолға тапсырылады немесе төмендегі мекен-жайларға пошта, тапсырыс авиапоштасы, факс, телекс немесе телеграф арқылы жіберіледі:

| | |
|---|---|
| Құзыретті органның мекен-жайы: | Мердігердің мекен-жайы: |
| телекс | телекс |
| телеграф | телеграф |
| Құзыретті органның атынан | Мердігердің атынан |

31.3. Осы Контрактідегі мекен-жайлар өзгерген жағдайда келісуші

Тараптардың әрқайсы екінші тарапты жазбаша түрде хабардар етеді.

31.4. Контрактінің барлық қосымшалары оның құрам бөліктері ретінде қаралады. Қосымшалардың және Контрактінің өзінің ережелерінің арасында қандай да болмасын айырмашылық болған жағдайда, Контракт басым жағдайда болады.

31.5. Лицензия шарттарына қайшы келмейтін Контрактіге енгізілетін түзетулер мен толықтырулар келісуші Тараптардың жазбаша келісімімен ресімделеді. Мұндай келісім Контрактінің құрам бөлігі болып табылады.

Осы Контрактіні 199__ жылғы ______ (күні) ___________ (айы) Қазақстан Республикасының _________ қаласында келісуші Тараптардың уәкілетті өкілдері жасады.

| Құзыретті орган | Мердігер |
| --- | --- |
| қолы ____________________ | қолы ____________________ |
| қызметі _________________ | қызметі _________________ |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК